

**"Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау жөнінде комиссия құру туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 9 наурыздағы № 181 қаулысына
өзгерістер енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 15 шілдедегі № 725 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 мамырдағы
№ 318 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.05.2017 № 318 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау жөнінде комиссия құру туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 9 наурыздағы № 181 қаулысына
мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау
жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Кенжебаев Арман Жанатбекұлы	– "Қазақстан орындаушыларының құқықтарын басқару қоғамы" республикалық қоғамдық бірлестігінің бас директоры (келісім бойынша)
Айдарбеков Бауыржан Тілеужанұлы	– "Абырой" авторлық қоғамы" республикалық қоғамдық бірлестігінің бас директоры (келісім бойынша)
Блиев Әсет Асылбекұлы	– "Фонограммалар өндірушілердің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігі директорының бірінші орынбасары (келісім бойынша);

МЫНА:

"Жақсылықов
Тимур Мекешұлы – Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда вице-министрі"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Жақсылықов
Тимур Мекешұлы – Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі";

көрсетілген құрамнан Дархан Әзімханұлы Әзімхан шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

С. Ахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК